

## Жарма ауданы Әуезов кентінің көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Әуезов кенті әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 8460 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Әуезов кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып, 2020 жылғы 28 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Жарма ауданы Әуезов кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарма ауданы Әуезов кентіндегі келесі көшелері:

"Геологическая" көшесін—"Таукент" көшесі;

"Горная" көшесін – "Кеншілер" көшесі;

"Дружба" көшесін – "Достық" көшесі;

"Коммунистическая" көшесін – "Жеңіс" көшесі;

"Спортивная" көшесін – "Ардагер" көшесі;

"Социалистическая" көшесін –"Жібек жолы" көшесі;

"Фабричная" көшесін – "Алтынтау" көшесі;

2. Жарма ауданы Әуезов кентінің Солнечное ауылындағы көшелері:

"Буровая" көшесін – "Бірлік" көшесі;

"Горная" көшесін – "Қазына" көшесі;

"Школьная" көшесін – "Күншуақ" көшесі;

"40 лет Казахстана" көшесін –"Азаттық" көшелері болып қайта аталсын.

3. "Жарма ауданы Ауэзов кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімінің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жарма ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Жарма ауданы әкімінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Е. Сасенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК